

Бекітемін

«Нурби» Мектеп -
бөбей бақша кешені
директоры

Бердимбетова Ж.С



**Мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын
іске асыру бойынша перспективалық жоспар**

«Балапан» ересек топ

Тәрбиеші: Шакирбекова А
Қонысбекова А

2021-2022 ж

***Перспективалық
жоспар
Ересек «Балапан» тобы***

***Тәрбиеші: Шакирбекова А.
Қонысбекова А.***

2021-2022 оқу жылы

Перспективалық жоспар
Ересек «Балапан» тобы
Қыркүйек - 2021ж
Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Мақсаты: Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасаудағыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4. Сезімдікқасиеттері, эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту;
5. Отансүйгіштік сезімдерін күшейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

Тақырып ша	Денсаулық -3 Дене шынықтыру- (3 с)	Қатынас -2,5 Сөйлеуді дамыту- (1 с) Көркем әдебиет- (1с) Орыс тілі- (0,5с)	Таным -2,5 Математика негіздері-(1с) Құрастыру- (0,5с) Жаратылыстану- (1с)	Шығармашы-лық -3,5 Жапсыру-(0,5с) Мүсіндеу-(0,5с) Музыка-(1,5с) Сурет салу- (1 с)	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу- (0,5 с)
<p style="text-align: center;">I апта «Менің балабақшам»</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1.Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіру.Еденге қолымен сүйеніп, шығыршық ішінен өту. Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: «Балабақшаға апарар жол». 2. ДенешынықтыруЕденге қолымен сүйеніп, шығыршық ішінен өту. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру(2-3рет</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Балабақша үйіміз». (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты:Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану.Балабақша туралы түсінік беру, достарына қамқор болуға тәрбиелеу Дидакти-қ ойын: «Менің балабақшам» (Воскобовичтің дамытушы ойындары) Көркем әдебиет</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Біздің бақшада» Мақсаты: Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру.5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру Дид-қ ойын: «Балабақша» (Дьенеш блоктарымен)</p>	<p>Сурет Тақырыбы:«Балабақша дағы түрлі түсті шарлар» (заттық сурет салу) Мақсаты: Сурет салу барысында дөңгелек және сопақша пішіндерді ажырата білуге үйрету. Бояу тәсілін бекіту.Баланың ойлау, көру, есту қабілеттерін және ұсақ қол қимылдарын дамыту. Дидакти-қ ойын: «Балабақшада» Мүсіндеу Тақырыбы:«Балабақша дағы әр түрлі доптар»</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Менің балабақшам Мақсаты: балабақша және оның қызметкерлерінің еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру. Дидакти-қ ойын: «Менің балабақшам»</p>

	<p>жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру). Заттар арасымен доптарды домалату.</p> <p>Қимылды ойын: «Жылдам барайық бақшаға».</p> <p>3.</p> <p>Денешынықтыру Еденге қолымен сүйеніп, шығыршық ішінен өту. Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру. 8м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төртағандап еңбектеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Балабақшада кім бірінші?».</p>	<p>Тақырыбы: Ф. Оңғарсынованың «Үй жақсы ма, бақша жақсы ма?» өлеңі.</p> <p>Мақсаты: Өлеңді түсініп, есте сақтауға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін, зейінін, тілін дамыту.</p> <p>Дидакти-қ ойын: «Менің балабақшам»</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Балабақша ауласына саяхат»</p> <p>Мақсаты: Балабақша ауласындағы және манайындағы өсімдіктерді, ағаштар мен бұталарды атауға үйрету.</p> <p>Дид-қ ойын: «Ағашты тап»</p>	<p>Мақсаты: Түрлі тәсілдерді қолдана отырып, таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып мүсіндеуге үйрету. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дидакти-қ ойын: «Балабақшада»</p> <p style="text-align: center;">Музыка Маман жоспары бойынша</p>	
<p>II апта «Менің достарым»</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1. Сапта бір-бірлеп жүру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау. Заттардың арасымен құрсауларды домалату. Сызықтар арасымен (15см ара қашықтықта), тепе-теңдікті сақтап жүру.</p> <p>Қимылды ойын: «Кімнің достары көп?»</p> <p>2. Денешынықтыру Заттардың арасымен құрсауларды домалату. 2-3м қашықтықта алға</p>	<p style="text-align: center;">Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі</p> <p>Мақсаты: Ертегі желісін айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Бауырмалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.</p> <p>Дидакти-қ ойын: «Мен айтамын, досым жасайды»</p> <p style="text-align: center;">Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі</p> <p>Мақсаты: Ертегіні сюжеті бойынша драмалауды,</p>	<p>Математика негіздері. Тақырыбы: «Достарының ойыншықтары»</p> <p>Мақсаты: Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.</p> <p>Дид-қ ойын: «Таныс пішіндер доминосы»</p> <p style="text-align: center;">Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Балабақша ғимараты» (құрылыс</p>	<p>Сурет Тақырыбы: «Досымның үйі» (заттық сурет салу)</p> <p>Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Үлгі бойынша пішінін ескере отырып сурет салуды үйрету.</p> <p>Дидакти-қ ойын: «Досыңа көмектес»</p> <p style="text-align: center;">Жапсыру</p> <p>Тақырыбы: «Досымның үйі» Мақсаты: Қайшына дұрыс ұстау және</p>	

	<p>ұмтыла қос аяқпен секіру. Тақтай үстімен(8м) көлденең еңбектеу</p> <p>Қимылды ойын: «Досым, ұста!».</p> <p>3. Денешынықтыру Заттардың арасымен құрсауларды домалату. Сызықтар арасымен (15см ара қашықтықта),тепелендікті сақтап жүру.Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу(1,5м қашықтықтан).</p> <p>Қимылды ойын: «Досым, қағып ал!»</p>	<p>түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстауды үйрету, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Дидакти-қ ойын:«Мен айтамын, досым жасайды»</p> <p>Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>	<p>материалдарынан құрастыру) Мақсаты: «іргетас» ұғымымен таныстырып, балабақша ғимаратын құрастыруға үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; үлкен құрылыс материалынан екі қабатты ғимарат құрастыруға дағдыландыру. Дид-қ ойын: «Балабақша» (Дьенеш блоктарымен)</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы:«Менің жасыл достарым» Мақсаты: Бөлме өсімдіктері туралы білімдерін байытып, аттарын атауға үйрету. Балалар ұжымында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Өсімдіктің досын тап»</p>	<p>пайдалана білуді қалыптастыру. Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үйрету. Желімді, сүлгіні қолдануды үйретуді жалғастыру. Дидакти-қ ойын: «Досыңа көмектес»</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша</p>	
<p>III апта «Менің сүйікті ойыншықтарым»</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1.Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру.Бір орында оңға, солға секіру. Допты екі қолмен бастан асыра кедергі арқылы</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Бақшадағы ойыншықтар» Мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.Балалардың сөздік қорын ойыншықтардың атауларымен байыту.</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы:«Сөредегі ойыншықтар» Мақсаты: Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету. Дид-қ ойын:</p>	<p>Сурет Тақырыбы:«Менің сүйікті ойыншығым») (заттық сурет салу) Мақсаты: Домалақ пішінен доптың суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеуді үйрету, шыдамдылыққа</p>	<p>Қоршаған орта Тақырыбы: «Ойыншықтар» Мақсаты:Балалардың мінез құлқында қарапайым әдеп ережелерін(ойыншықтармен бөлісу) бекіту.</p>

	<p>лақтыру(2м.қаш.). Қимылды ойын: «Ойыншыққа тез жетейік» 2. Дене шынықтыру Бір орында оңға, солға секіру. Арқан үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу.(2-3рет) Қимылды ойын: «Ойыншықты қағып ал!» 3. Дене шынықтыру Бір орында оңға, солға секіру. Допты екі қолмен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру(2м.қаш.). Гимнастикалық скамейка үстімен көлденеңінен еңбектеу. Қимылды ойын: «Ойыншыққа еңбектеп жетеміз»</p>	<p>Ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. Дидакти-қ ойын:«Ойыншық атауындағы бірінші дыбысты айтайық» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ойыншықтар»өлеңі. Н. Әлімқұлов. Мақсаты: Өлеңді эмоционалды қабылдай білуді дамыту, түсініп, есте сақтауға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидакти-қ ойын:«Жаңа қуыршақ»</p>	<p>«Ойыншықтар дүкені»</p> <p style="text-align: center;">Жаратылыстану</p> Тақырыбы: «Ойыншықтар еліне саяхат» Мақсаты: Балалардың ойыншықтардың қандай материалдан жасалғаны туралы мағлұматын кеңейтіп, қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықтарын, зейіндерін дамыту. Дид-қ ойын: «Ойыншықтарды атаймыз»	<p>сыйласымды, қарым – қатынасқа тәрбиелеу, суретті қыл қаламен салу және бояу әдіс –тәсілдерін меңгерту. Дидакти-қ ойын: «Ойыншықты атай аласын ба?» Мүсіндеу Тақырыбы:«Қоян-менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: Ермексазды домалату,шымшу,жалпайт у тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндеуді үйрету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Дидакти-қ ойын: «Ойыншықты атай аласың ба?»</p> <p style="text-align: center;">Музыка Маман жоспары бойынша</p>	<p>Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу. Дидакти-қ ойын: «Ойыншықтарды жинаймыз»</p>
<p style="text-align: center;">IVапта «Жиһаздар»</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1.Кіші және үлкен қадаммен, сапта бір-бірлеп жүгіру.Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу.Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын:</p>	<p style="text-align: center;">Сөйлеуді дамыту</p> Тақырыбы: Үй жиһаздары. (байланыстырып сөйлеу) Мақсаты: Тұрмыстық заттардың қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі) сын есімдерді қолана білуге үйрету.	<p style="text-align: center;">Математика негіздері</p> Тақырыбы: Үйді жабдықтау Мақсаты: Сандарды тәртібі бойынша атауға және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Дид-қ ойын: «Жиһаздарды өз орындарына орналастыр»	<p>Сурет Тақырыбы:«Үй жиһаздары» (Сандық) (Сәндік сурет салу) Мақсаты: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстырып, сандықты қазақ оюларының кейбір элементтерімен әшекейлеуге үйрету. Дид-қ ойын:</p>	

	<p>«Орындыққа кім бірінші жетеді?».</p> <p>2. Дене шынықтыру Гимнастикалық қабырғаға жоғар-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. Алысқа дәлдеп лақтыру(3,5-6,5м.кем емес). Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.</p> <p>Қимылды ойын: «Орындықтан еңбектеп өтейік!»</p> <p>3. Дене шынықтыру Гимнастикалық қабырғаға жоғар-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Баланың қолын көтергендегі биіктен жоғары ілінген нәрсені орнынан секіру арқылы затты жинап өту.</p> <p>Қимылды ойын: «Есікті кім бірінші жабады?»</p> <p>Эстафеталық сайыс: «Балабақшадағы көңілді эстафета»</p>	<p>Дид-қ ойын: «Жиһаз атауына сөйлем құрайық»</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі</p> <p>Мақсаты: Мәтінді дыбыстағанда дұрыстыныс алу артикуляциялық дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Дид-қ ойын: «Жиһаз атауына сөйлем құрайық»</p> <p>Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Досымның үйі»</p> <p>Мақсаты: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, үйді пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененінен орналастырырып құрастыруға үйрету. Б астаған ісін аяғына дейін жеткізуін қалыптастыру.</p> <p>Дид-қ ойын: «Дұрыс, бұрыс»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Жиһаз фабрикасына саяхат»</p> <p>Мақсаты: Қарапайым тәжірибелерді жүргізуге қызығушылықтарын, зейіндерін дамыту.</p> <p>Дид-қ ойын: «Жиһаз сатып алдым»</p>	<p>«Жиһаздарды өз орындарына орналастыр» Жапсыру</p> <p>Тақырыбы: «Сандықты әшекейлеу»</p> <p>Мақсаты: Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді құрастыру дағдыларын қалыптастыру, жеке бөліктерді жапсыруды үйрету.</p> <p>Дид-қ ойын: «Сандықты әшекейлейміз»</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша</p>	
--	---	---	---	---	--

Перспективалық жоспар
Ересек «Балапан» тобы
Қазан 2021ж.
Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Мақсаты: инновациялық технологиялар негізінде балалардың отбасы туралы білім, білік, дағдыларын дамыту. Отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Денаулықсақтау технологияларын қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру жаттығуларын орындау қызығушылықтарын арттыру;
2. Отбасы, отбасындағы тұрмыс және халықтық дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейте отырып, сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
3. Танымдық-конструктивтік ойлау дағдыларын жан-жақты қалыптастыру;
4. Қоршаған ортадағы әсемдікті сезіне отырып, өз ойларын айта білуге, қиялдарын дамытуға ықпал жасау;
5. Отбасындағы салт-дәстүрлерді құрметтей отырып, рухани адамгершілік құндылықтарға баулу.

Тақырыпша	Денсаулық -3 Дене шынықтыру- (3 с)	Қатынас -3 Сөйлеуді дамыту- (1 с) Көркем әдебиет- (1 с) Орыс тілі- (1с)	Таным -2,5 Математика негіздері-(1с) Құрастыру- (0,5с) Жаратылыстану- (1с)	Шығармашы-лық -3,5 Жапсыру-(0,5с) Мүсіндеу-(0,5с) Музыка-(1,5с) Сурет салу- (1 с)	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу- (0,5 с)
<p style="text-align: center;">I апта</p> <p>«Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1. Дене шынықтыру Түрлі бағытта жүгіру. 1,5м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) нысанаға дәлдеп лақтыру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2-3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру). Қимылды ойын: «Картоп жинау». 2. Дене шынықтыру 1,5м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі</p>	<p style="text-align: center;">Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Менің отбасым» (сурет бойынша әңгіме) Мақсаты: Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту. Отбасы, отбасындағы тұрмыс туралы айтып беруге үйрету. Дид-қ ойын: «Отбасы мүшелерін ата»</p> <p style="text-align: center;">Көркем әдебиет</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Отбасындағы менің бір күнім» (Сан мен санау) Мақсаты: Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Салыстыратын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес. Дид-қ ойын: «Біз отбасында нешеуіміз?»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Мол өнім» Мақсаты: Көкөністер мен жемістердің 4-5 түрін атауға үйрету.</p>	<p>Сурет Тақырыбы: «Тостағанды әшекейлеу» (заттық сурет салу) Мақсаты: Сопақша пішіннен тостағанның суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеуді және таныс элементтерді (нүкте, дөңгелек, жолақшаларды) Құрастыруды үйрету. Әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу. Эстетикалық сезімдерін, ойлау қабілеттерін, ұсақ қол қимылдарын дамыту. Дид-қ ойын:</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Адам тіршілік иесі» Мақсаты: Өзінің адам әлемінің өкілі ретіндегі алғашқы түсініктерін қалыптастыру.</p>

	<p>1,5м) нысанаға дәлдеп лақтыру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру(2-3рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру).Заттар арасымен доптарды домалату. Қимылды ойын: «Анамызға көмектесейік». 3. Дене шынықтыру1,5м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) нысанаға дәлдеп лақтыру. Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру. 8м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төртағандап еңбектеу. Қимылды ойын: «Сәбіз жинау»</p>	<p>Тақырыбы: «Отбасындағы сыйластық» Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Олардың қасиеттерін көруге, әрекеттерін бағалауға тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Отбасындағы мерекелер»</p>	<p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Үлкендер еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Әкем егін жинады»</p>	<p>«Отбасындағы түскі ас» Мүсіндеу Тақырыбы:«Бақшадағы өнімді жинау» (сәбізді жинау) Мақсаты: домалақтау, сопақшалау, шымшу тәсілдері арқылы сәбіз мүсінін жасауды үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Әкем егін жинады»</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша</p>	
<p>II апта «Менің көшем»</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1.Түрлі тапсырмалармен жүгіру:шапшаң және баяу қарқынмен., жетекшімен ауыса отырып жүгіру. Ені 20см, биіктігі 30см тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру, секіріп, қос аяқпен тұру. Қимылды ойын: «Торғайлар мен</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біз тұратын көше» Мақсаты: Байланыстырып сөйлеу дағдыларын үйрету. Әңгімені айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Дид-қ ойын:«Көшедегі көлік түрін дыбысынан таны» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Адасқан</p>	<p>Математика негіздері: Тақырыбы:Қала картасы (Геометриялық пішіндер) Мақсаты: Теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып,екі тәсілмен орнатуға, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Дид-қ ойын: «Көшедегі әр-түрлі көліктер » Құрастыру</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Менің көшем» (Сюжетті сурет салу) Мақсаты: Сюжеттік сурет салуды (ағаштар мен бұталарды) және қарындашпен сурет салу тәсілдерін үйрету. Жақсы нәтижеге ұмтылуға тәрбиелеу. Бейнелік сезіну қабілеттерін дамыту. Дид-қ ойын: «Менің көшем» (Воскобовичтің</p>	

	<p>автомобиль» 2. Дене шынықтыру Ені 20см, биіктігі 30см тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру, секіріп, қос аяқпен тұру. Тақтай үстімен(8м) көлденең еңбектеу. Қимылды ойын: «Аялдамаға дейін...» 3. Дене шынықтыру Ені 20см, биіктігі 30см тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру, секіріп, қос аяқпен тұру. Доға астынан еңбектеп өту(биіктігі50см) Қимылды ойын: «Көшедегі көліктер»</p>	<p>құмырсқа» ертегісі Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалау, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Дид-қ ойын:«Құмырсқаның илеуіне жолды тап»</p> <p style="text-align: center;">Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>	<p>Тақырыбы:«Біздің көше (Құрылыс материалдарынан) Мақсаты: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңнен орналастыру. Үстел-үсті ойыны:«Көшедегі әртүрлі көліктер» Жаратылыстану Тақырыбы:«Көшеде өзін ұстау тәртібі» Мақсаты: Көшеде өзін дұрыс ұстау ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.Қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту. Дид-қ ойын:«Көшедегі қауіпсіздік»</p>	<p>дамытушы ойындары) Жапсыру Тақырыбы:«Менің көшем» Мақсаты: Заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескеру. Дид-қ ойын: «Менің көшем» (Воскобовичтің дамытушы ойындары)</p> <p style="text-align: center;">Музыка Маман жоспары бойынша Музыка Маман жоспары бойынша</p>	
<p style="text-align: center;">III апта «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1.1-1,5минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. Көлбеу тақтаймен(ені2см,биіктігі30-35см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру. Қапшықты нысанаға көздеп лақтыру (3м қаш.). Қимылды ойын: «Өртті сөндіру» 2. Дене шынықтыру Көлбеу тақтаймен(ені2см,биікті</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Әйгерім дастарханды әзірлеп жатыр» Мақсаты: Заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру. Сөздік қорларын дамыту. Дид-қ ойын:«Асханадағы қауіпсіздік ережесі» (Воскобовичтің дамытушы ойындары)</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы:«Саңырауқұлақтарды жинау» Мақсаты: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, «Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту. Дид-қ ойын: «Ормандағы қауіпсіздік» (Воскобовичтің дамытушы ойындары)</p>	<p>Сурет Тақырыбы:«Бағдаршам» (Заттық сурет салу) Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттарды сала отырып, дәстүрлі сурет салудың техникасын жетілдіру. Баланың ойлау, көру, қабілеттерін және ұсақ қол қимылдарын дамыту. Дид-қ ойын: «Бағдаршам қандай?»</p> <p style="text-align: center;">Мүсіндеу</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Жолда жүру ережесін сақтайық» Мақсаты: Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жер асты өту), бағдаршам белгілері, жолда</p>

	<p>гі30-35см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру. Кегльдердің арасымен еңбектеп жүру. Гимнастикалық қабырғаға кез келген тәсілмен өрмелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Бағдаршам»</p> <p>Негізгі қимылдар: 3. Дене шынықтыру Көлбеу тақтаймен(ені2см,биіктігі30-35см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру. Қапшықты нысанаға көздеп лақтыру (3м қаш.). Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеп жүру.</p> <p>Қимылды ойын: «Абайлап көзде!»</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бағдаршам» өлеңі. С.Дүкенбай. Мақсаты: Өлеңді түсініп, есте сақтауға жүйелілігін сақтауға үйрету. Дид-қ ойын: «Бағдаршамның түстері»</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы:«Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері» Мақсаты:Табиғат аясындағы тәртіп ережелері туралы түсінік беру. Балаларға әр – түрлі жағдайдан шығу жолдарын таба білуге ықпал жасау.Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Табиғатты аялауға, қорғауға, табиғат әсемдігін бағалай білуге тәрбиелеу. Дид-қ ойын:«Қауіпті және қауіпсіз заттар»</p>	<p>Тақырыбы:«Бағдаршам» Мақсаты:Қамыр кесектерінен мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, бағдаршамды мүсіндеуді үйрету. Дид-қ ойын: «Бағдаршам қандай?»</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша</p>	<p>жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру Дид-қ ойын: «Жолдағы қауіпсіздік»</p>
<p>IVапта «Алтын күз»</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1.Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50метрге жүгіру. Екі аяқпен бір орында тұрып, ұзындыққа секіру.Гимнастикалық орындық үстінен етпетінен жатып, шаян сияқты ішпен тартылып, орындықтың екінші басына шығу. Қимылды ойын: «Жапырақтарды жинаймыз»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Жыл мезгілі. Күзгі табиғат»(сурет бойынша әңгімелеу). Мақсаты: сурет мазмұнына сәйкес әңгіменің басы мен сонын құрастыруға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Дид-қ ойын: «Бұл қай кезде болады?» Көркем әдебиет Тақырыбы:</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Бақтағы жемістер мен көкөністер» (Геометриялық пішіндер) Мақсаты: 1 санымен таныстыру. Сандық топты белгілеу. Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру. Дид-қ ойын: «Күзгі жемістер» Құрастыру Тақырыбы:«Асхана»</p>	<p>Сурет Тақырыбы:«Күзгі жапырақтар» (Сюжетті сурет салу) Мақсаты:Қылқаламды дұрыс ұстауды, қағаздың үстінен жүргізуді үйрету.Қоршаған ортаның әсемдігін, эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Дид-қ ойын: «Жыл мезгілін ата» Жапсыру Тақырыбы:Күзгі</p>	

	<p>2. Дене шынықтыру Екі аяқпен бір орында тұрып, ұзындыққа секіру. 5-бм.қаш.доғаның астынан еңбектеп өту. Гимнастикалық орындық үстінде кедергілерден аттап жүру. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»</p> <p>3. Дене шынықтыру Екі аяқпен бір орында тұрып, ұзындыққа секіру. Гимнастикалық орындық үстінен етпетінен жатып, шаян сияқты ішпен тартылып, орындықтың екінші басына шығу. Құм салған қапшықты оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Қимылды ойын: «Асқабақты домалатып жеткізейік» Спорттық ойын: «Мен және менің отбасым»</p>	<p>«Қияр мен капуста» ертегісі Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға, барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру. Дид-қ ойын: «Көкөністерді тез жина»</p> <p style="text-align: center;">Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>	<p>(қалдық материалдармен жұмыс) Мақсаты: Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Отбасындағы түскі ас»</p> <p style="text-align: center;">Жаратылыстану Тақырыбы: «Алтын күз келді!» Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы, жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы ауа райының жайын бақылауды және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілей білуді үйрету. Дид-қ ойын: «Күзгі ерекшеліктерді ата»</p>	<p>жапырақтар» (Сюжетті аппликация) Мақсаты: Заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескерту. Дид-қ ойын: «Жыл мезгілін ата»</p> <p style="text-align: center;">Музыка Маман жоспары бойынша Музыка Маман жоспары бойынша</p>	
--	--	--	--	--	--

Перспективалық жоспар
Ересек «Балапан» тобы
Қараша 2021ж.

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау!»

Мақсаты: Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде олардың ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту. Шығармашылықтары мен ойлау, қиялдау сезімдерін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
2. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
4. Балаларды құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

Тақырыпша	Денсаулық -3 Дене шынықтыру- (3 с)	Қатынас -3 Сөйлеуді дамыту- (1 с) Көркем әдебиет- (1 с) Орыс тілі- (1с)	Таным -2,5 Математика негіздері-(1с) Құрастыру- (0,5с) Жаратылыстану- (1с)	Шығармашы-лық -3,5 Жапсыру-(0,5с) Мүсіндеу-(0,5с) Музыка-(1,5с) Сурет салу- (1 с)	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу- (0,5 с)
I апта "Өзім туралы"	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1.Сапқа тұру, құрылымын өзгертіп, қайта тұру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру. (сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Қапшықты оң және сол қолымен көлденеінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру. Қимылды ойын: «Кім мықты?». 2. Дене шынықтыру 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Мен қандаймын?» Мақсаты: Сурет бойынша әңгіме құрастыру, айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Дид-қ ойын: «Сезім мүшелерін ата» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Мен кімін?» Мақсаты: Оқиғаларды ойдан құрастырып, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. Балалардың зейінін, бақылағыштығын, қиялын</p>	<p>Математика негіздері: Тақырыбы:«Менің күн тәртібім» (Уақытты бағдарлау) Мақсаты: 2 санымен таныстыру. Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Дид-қ ойын: «Кім үйіне тез жетеді?» Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен табиғатты бақылай аламын ба?» Мақсаты: «Бақылау» ұғымын түсіндіру. Жанды табиғат, оның тіршілік</p>	<p>Сурет Тақырыбы: «Мақта қыздың мысығы» Мақсаты: Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, жануарларды бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. Дид-қ ойын: «Өзің жақсы көретін үй жануары» Мүсіндеу Тақырыбы: «Билеп тұрған қыз» Мақсаты: Адам пішінін (дене бөліктерін:бас, кеуде, қолдары, аяқтары)</p>	<p>Қоршаған ортамен таныстыру «Менің отбасым» Балалардың өзінің отбасы, жақсы көретін адамдарды, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелеу. Табиғат бұрышында мекендеуші Атжалманмен таныстыра отырып, бақылау жасай білуге үйрету.. Дид-қ ойын:«Жанды-жансыз»</p>

	<p>секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Бөрене үстімен тепетендікті сақтап жүру. Табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу. Қимылды ойын: «Маған қарай жүгір». 3. Дене шынықтыру 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Оң және сол қолымен көлденеңінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру.Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу. Қимылды ойын: «Менің соңымнан жүр»</p>	<p>дамыту. Дид-қ ойын: «Дауысынан таны»</p>	<p>ортасы және жансыз табиғаттағы қайталанбас құбылыс түрлері туралы білімдерін жетілдіру. Жанды және жансыз табиғатқа не жататынын түсіндіру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дид-қ ойын:«Жанды-жансыз»</p>	<p>мүсіндейді. Кескішпен түрлі безендірулер жасайды. Дид-қ ойын: «Мен қандаймын?»</p> <p style="text-align: center;">Музыка Маман жоспары бойынша</p>	
<p style="text-align: center;">II апта «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1. Қатарға бір-бірден сапқа тұру.Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. 50см.жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. 20-25см.биіктікке секіру Қимылды ойын: «Көкөністерді жина» 2. Дене</p>	<p style="text-align: center;">Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Не дәмді?» ертегісі Мақсаты: Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын дамыту. Дид-қ ойын: «Дәмін татып, атын ата» Көркем әдебиет</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы:«Көкөністер мен жемістер» (Кеңістікті бағдарлау) Мақсаты:: 3 санымен таныстыру.Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуге үйрету. Дид-қ ойын: «Көкөністерді сана» Құрастыру Тақырыбы:«Жеміс-жидекке арналған себет» (қағаздан құрастыру)</p>	<p>Сурет Тақырыбы:«Дәмді алмалар» Мақсаты:Дөңгелек пішіндерді түрлі көлемде салуға үйретуді жалғастыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, шығармашылық ойлау, қиялдау қабілеттерін, ұсақ қол қимылдарын дамыту. Дид-қ ойын:«Алма кетті домалап...»</p>	

	<p>шынықтыру Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. 20-25см. биіктікке секіру. Құрсаудан еңбектеп өту.</p> <p>Қимылды ойын: «Қоянның сәбізі»</p> <p>3. Дене шынықтыру Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. 50см. жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Гимнастикалық қабырғамен аралықтан аралыққа, оңға-солға ауысу.</p> <p>Қимылды ойын: «Дәрумендерді жина»</p>	<p>Тақырыбы: «Көкөністер айтысы» ертегісі Мақсаты: Ертегі желісін драмалау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дид-қ ойын: «Көкөністерді ата»</p> <p>Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>	<p>Мақсаты: Дайын қиылған жолақшалардан өру тәсілімен себетті құрастыруға үйрету. Тиянақты, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Қағаздың бұрыштары мен жақтарын беттестіру, теңдей етіп бүктеу іскерліктерін дамыту.</p> <p>Дид-қ ойын: «Дәмін татып, атын ата»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Дәрумендер әлеміне саяхат» Мақсаты: Балаларға жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру, бау-бақшаға саяхатқа шығып, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, Дид-қ ойын: «Бақта ма, бақшада ма?»</p>	<p>Жапсыру Тақырыбы: «Жеміс-жидекке арналған себет» Мақсаты: Қайшына дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үйрету. Желімді, сүлгіні қолдануды үйретуді жалғастыру.</p> <p>Дид-қ ойын: «Ащы, тұщы»</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша</p>	
<p>III апта "Өзіңе және өзгелерге көмектес"</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1. Қатарға екеуден, үшеуден тұрып, сапты қайтадан құру, бағдар бойынша түзелу. Қолын беліне қойып, бір аяқпен тұру, екі жағына айналу. Гимнастикалық қабырғамен аралықтан аралыққа, оңға-солға</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қайырымды бала» Б. Данабеков Мақсаты: Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін үйрету дағдыларын қалыптастыру. Дид-қ ойын: «Болады,</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Дымбілмеске көмектес» Мақсаты: 4 санымен таныстыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзын-қысқа белгісі бойынша заттарды салыстыру. Дид-қ ойын: «Қанша болса, сонша»</p>	<p>Сурет Тақырыбы: «Әдемі құс» Мақсаты: Әртүрлі пішіндерді пайдалана отырып, құстың суретін салуды үйрету. Өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалауды үйрету. Құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Болады,</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Адам еңбегінің нәтижесі» Мақсаты: Ересектердің еңбегін ойын әрекеттерінде көрсете отырып, ересектермен бірге еңбек әрекеттерін орындауға баулу.</p>

	<p>ауысу. Қимылды ойын: «Саңырауқұлақтарды жинайық». 2. Дене шынықтыру Қолын беліне қойып, бір аяқпен тұру, екі жағына айналу. Құрсаудан еңбектеп өту. Ойлы-қырлы тақтаймен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: «Жапырақтарды сыпырамыз» 3. Дене шынықтыру 20-25см. биіктікке секіру. Оң және сол қолымен көлденеңінен нысанаға (2-2,5м. қаш-н) дәлдеп лақтыру. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: «Ағаштағы жемістерді үзейік»</p>	<p>болмайды» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі Мақсаты: ертегінің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға үйрету; құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Досына көмектес»</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Қанатты достар» Мақсаты: Үй құстарын атай білу (қораз, мекен, қаз) және олардың сыртқы келбетіндегі ерекшеліктері туралы білімін нақтылау. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Құстарға жем берейік»</p>	<p>болмайды!» Мүсіндеу Тақырыбы: «Құс» Мақсаты: Тұтас бөліктен шымшу тәсілі арқылы құстың бейнесін мүсіндеуге үйрету, қызығушылықтарын арттыру. Дид-қ ойын: «Болады, болмайды!» <p style="text-align: center;">Музыка Маман жоспары бойынша</p> </p>	<p>Құрдастарына көмек беруге тәрбиелеу «Құстарға ұя жасаймыз»</p>
<p style="text-align: center;">IVапта «Біз күштіміз, ептіміз»</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 1. 50см. жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру. (сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см).</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Кім күшті? ертегісі Мақсаты: Жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын дамыту. Дид-қ ойын:</p>	<p>Математика негіздері Тақырыбы: «Спорт еліне саяхат» Мақсаты: 5 санымен таныстыру. 5 көлемінде санау, заттарды үлгі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Дид-қ ойын: «Кім күшті?»</p>	<p>Сурет Тақырыбы: «Құмырсқа» Мақсаты: Дөңгелек, сопақша пішіндер арқылы заттардың суретін салуды үйрету, екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын</p>	

	<p>Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: «Кім мықты?». 2. Дене шынықтыру 50см. жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Қапшықты оң және сол қолымен көлденеңінен нысанаға (2-2,5м. қаш-н) дәлдеп лақтыру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру. (сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см). Қимылды ойын: «Дәл тигіз» 3. Дене шынықтыру 50см. жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. 20-25см. биіктікке секіру. Қимылды ойын: «Менептімін!»</p> <p>Эстафеталық жарыс: «Күштіміз! Ептіміз! Жылдамбыз!»</p>	<p>«Күштілерді тап»</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Кім күшті? ертегісі Мақсаты: Әдеби кейіпкерлерді дене пластикасы, ым, мимика, дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстауды қалыптастыру, ертегі желісін ретімен орындауға баулу. Дид-қ ойын: «Күшті аңдарды сомдаймыз»</p> <p>Орыс тілі Маман жоспары бойынша</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Алтын жапырақ төккен күз» Мақсаты: Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуі) бақылау, бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне түсіре білу дағдыларын қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына танымдыққызығушылықта рын ояту. Дид-қ ойын: «Жапырақты кім бірінші жинайды?»</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Қағаздан моншақ құрастыру» Мақсаты: Балалар үлгіге қарап, түрлі-түсті біркелкі дөңгелектер жасап, жіпке тізіп моншақ құрастыра алады. Желіммен, қайшымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіре алады. Дид-қ ойын: «Жапырақты кім бірінші жинайды?»</p>	<p>дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дид-қ ойын: «Ең күшті құмырсқаны ізде»</p> <p>Жапсыру Тақырыбы: «Құмырсқа» Мақсаты: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға үйрету. Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үйрету. Дид-қ ойын: «Ең күшті құмырсқаны ізде»</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша</p> <p>Музыка Маман жоспары бойынша</p>	
--	--	---	---	--	--

**Перспективалық жоспар
Ересек «Балапан» тобы
Желтоқсан 2021 ж.**

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным!»

Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу. Танымдық қызығушылықтарын, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Міндеттері:

1. Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
2. Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

